

**Лебяжі аудандық мәслихатының 2014 жылғы 5 наурыздағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Лебяжі ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" № 1/27 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 3/40 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 қаңтарда № 4278 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 504 Қаулысына сәйкес, Лебяжі ауданының мәслихаты

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Е Д І :**

1. Лебяжі аудандық мәслихатының 2014 жылғы 05 наурыздағы «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Лебяжі ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы» № 1/27 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3736 тіркелген, 2014 жылғы 29 наурыздағы «Аққу үні»-«Вести Акку» № 12 газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

9-тармағының 2) тармақшасындағы жетінші абзац жойылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала және мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы	Қ. Жиеналин
Аудандық мәслихат хатшысы	Қ. Әлтаев